



ТЕННИСТЕГІ ТОЛАҒАЙ ТАБЫС

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Елена Рыбакинаны АҚШ ашық чемпионатындағы жарқын жеңісімен және теннистен «әлемнің бірінші ракеткасы» мәртебесіне ие болуымен құттықтады.



Президент тарихи мәні зор осынау табыс отандық спорттың дамуына өлшеусіз үлес қосқанын атап өтті.

— Сіздің жеңістеріңізден кейін балалардың тенниске қызығушылығы артып, секцияларға көптеп жазылады. Олар да чемпион болғысы келеді. Жас өрендерге өнеге көрсетіп отырсыз. Бұл — өте оң үрдіс. Өскеләң ұрпақты спортқа баулу керек, өйткені бұл олардың келешегі үшін өте маңызды. Үш бірдей Үлкен дулыға турниріндегі жеңісіңіз теннис жылнамасына өшпестей болып жазылды. Мұнымен тоқтамай, алда әлі талай асуды бағындырасыз деп сенемін, — деді Мемлекет басшысы.

Президент Елена Рыбакинаның адами қасиеттеріне айрықша тоқталды.

— Сіз кортта да, жұртшылық ортасында да байыптылығыңызды байқатасыз. Ішкі мәдениетіңіз жоғары екенін үнемі айтып жүреміз. Қазақстанды

спортқа, әсіресе тенниске қолдау көрсететін өркениетті әрі дамыған мемлекет ретінде таныту тұрғысынан мұның маңызы өте зор, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Елена Рыбакина Мемлекет басшысына өзін ұдайы қолдағаны, сондай-ақ Қазақстанда үлкен теннистің дамуына айрықша қамқорлық көрсеткені үшін шынайы ризашылығын білдірді.

Әлемнің бірінші ракеткасы Қазақстан атынан өнер көрсетуді мақтан тұтатынын мәлімдеді. Теннисші алдағы уақытта да жоғары нәтижеге қол жеткізіп, жанкүйерлерін жаңа жеңістермен қуанта беруге ниетті.

Кездесу соңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев спорттағы ерен жетістіктері және Қазақстанда теннистің дамуы мен насихатталуына қосқан үлкен үлесі үшін Елена Рыбакинаны ІІІ дәрежелі «Барыс» орденімен марапаттады.

АҚОРДА

ӘСКЕРИ РЕФОРМА ЖОСПАРЫН ӘЗІРЛЕУДІ ТАПСЫРДЫ

Президент – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қорғаныс ведомствосының басшылық құрамымен кеңес өткізді.

Мемлекет басшысы ұжымға жаңа Қорғаныс министрі Айдос Мырзахметовті таныстырды. Жиын Маңғыстау облысында өткен оқу-жаттығу кезінде қаза тапқан 14 әскери қызметшінің бір минут үнсіздікпен еске алудан басталды.

— Мен қаза болған әрбір әскери қызметшінің ата-анасына көңіл айтып, арнайы жеделхатымды жолдадым. Қайтыс болған азаматтардың отбасыларына барлық қажетті көмек көрсетіледі. Олардың ешқайсысы қолдаусыз, көмексіз қалмайды, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы болған оқиғаға қатаң баға берді. Президенттің айтуынша, бейбіт күнде сарбаздардың өмірін жалмаған бұл қайғылы жағдайға бірінші кезекте офицерлердің, соның ішінде генералдардың салғырттығы және кәсіби біліксіздігі себеп болды.

Қасым-Жомарт Тоқаев қайғылы оқиғаның мән-жайын ғана емес, мұндай оқу-жаттығуды жоспарлауға не түрткі болғанын және қойылған міндеттің қазіргі қауіп-қатерлерге қаншалықты сай келетінін анықтауды талап етті.

— Қарулы Күштер басшылығы қордаланған түйткілдерді жылдар бойы шеше алмай келеді. Бұл еліміздің қор-



ғаныс қабілетіне нұқсан келтіреді. Өткен қайғылы оқиғалардан сабақ алмадыңыздар. Аталған оқу-жаттығу жиынының мәні де, мақсаты да түсініксіз. Оны кім әзірлеп, бекітті? Бас штабтың рөлі қандай? Үйлестіру жұмыстарына неге мән бермеген? Неліктен оқу-жаттығу жиынында Әскери-теніз күштерінің бас қолбасшысы болмаған? Жауап-

сыздық, салғырттық, көзбояушылық белең алған. Жүйелі жұмыс жоқ. Дағдарыс жағдайындағы іс-қимыл жоспары сын көтермейді. Мұның бәрі — әскери ведомство басшылығының немқұрайдылығының салдары, — деді Мемлекет басшысы.

(Жалғасы 2-бетте)

ШАХМАТ ШЕБЕРЛЕРІНІҢ ЖАРҚЫН ЖЕҢІСІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Самарқандта өткен Дүниежүзілік шахмат олимпиадасында екінші орын алған қазақтың шахматшы қыздарын құттықтады. Бұл жөнінде Президент кеңесшісі – Баспасөз хатшысы Айбек Смадияров Telegram арнасында жазды.

Отандастарымыз әлемдегі ең мықты, әйгілі команда — Қытай құрамасына ғана есе жіберіп, үлкен нәтиже көрсетті.

Президент құттықтауында данқты шахматшы Бибісара Асаубаева бастап барған Қазақстан құрамасы беделді турнирдің бірде-бір ойынында жеңілмегенін атап өтті. Мұны шахмат сарапшылары үлкен жетістік ретінде бағалап отыр.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев біздің шахмат шеберлері өткен олимпиададағы табысты жолын жалғастырғанына назар аударды. Қазақстан командасы сол кезде де екінші орынға табан тіреген еді. Бұл спортшыларымыздың деңгейі биік, талантты, еңбекқор екенін, сондай-ақ отаншылдықты нақты іспен дәлелдей алатынын көрсетеді.

Мемлекет басшысы шахматшы аруларымызға толайым табыс, зор денсаулық және бак-береке тіледі.

ДАМУ

АҚТӨБЕ АСТЫҒЫНЫҢ ТҮСІМІ МОЛ

Елімізде егін жинау науқаны аяқталуға жақын. Дикандар жаз бойы табанақы, маңдай терімен өсірген түйір дәнді шашпай-төкпей жинап алып жатыр.



→ 7

НАРЫҚ

САҚТАНДЫРУДЫҢ ДА САНАҒЫ БАР



Екі жыл бұрынғы тасқын ел бірлігіне сын болды. Республиканың 20 өңірінің 11-ін қарғын су басты. Сын сағатта қазақстандықтар жұрт болып жұмылды. Үкімет, мемлекеттік органдар, құтқарушылар, волонтерлер, сарбаздар, тәртіп сақшылары, қоғам белсенділері, бизнес және былайғы жұртшылық бірлесе қимылдады, бір кісідей жұмылды. Ортақ істен ешкім шет қалған жоқ. Зардап шеккен жандарға жаппай қол ұшын созды. Соның нәтижесінде 119 мыңнан астам адам дер кезінде қауіпсіз жерге көшірілді. Оның 45 мыңға жуығы – балалар. Ең бастысы, адам өмірін барынша сақтап қалды.

→ 4

Шаһизада ӘБДІКӘРІМ,
ақын, Халықаралық «Алаш»
әдеби сыйлығының иегері:



ӘДЕБИЕТТІҢ ҚАЙТА ДӘУІРЛЕГЕН ҒАСЫРЫН КӨРГІМ КЕЛЕДІ

Өлеңді өмірінің өзегіне айналдырып, әр сөзге жауапкершілікпен қарайтын сырбойылық ақынның бірі – Шаһизада Әбдікәрімов. Оның Сыр топырағында қалыптасқан шығармашылық жолы поэзиямен шектелмей, журналистикамен де сабақтасып келеді. Орайы келгенде биыл 70 жылдық белесті бағындырған ақынның шығармашылық ұстанымы, Сыр поэзиясы, бүгінгі әдебиет және кейінгі буын туралы ойларымен бөліскен едік.

→ 6

АЗИАДА: ЖЕҢІС ЖОЛЫ ЖАЛҒАСАДЫ

Аичи-Нагоя төріндегі Азия ойындарының көрігі қызған сайын Қазақстан құрамасының қоржыны да толыға түсті. Доданың алғашқы кезеңдерін бірқатар медальмен түйіндеген спортшыларымыз араға бірнеше күн салып жүлде санын 30-ға жеткізді. Қазір ұлттық құраманың еншісінде 8 алтын, 8 күміс және 14 қола бар.

→ 8



29 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕЙСЕНБІ

ӘСКЕРИ РЕФОРМА ЖОСПАРЫН ӘЗІРЛЕУДІ ТАПСЫРДЫ

(Басы 1-бетте)

Президент оқу-жаттығу жиынына қатысқан әскери қызметшілер тиісті жабдыктармен, соның ішінде арнайы құтқару кеудешелерімен қамтамасыз етілмегенін айтты.

Мемлекет басшысы жеке құрамның қауіпсіздігіне айрықша назар аударды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, Үкіметтік комиссия оқу-жаттығуды әзірлеу мен өткізуге, әскерді қажетті жабдыктармен қамтамасыз етуге және қауіпсіздік талаптардың сақталуына жауапты барлық лауазымды тұлғаның әрекетіне баға беруге тиіс.

Бұдан бөлек, Президенттің өкіміне сәйкес Қорғаныс министрлігіндегі істердің жай-күйіне кешенді тексеру басталды. Тексеру барысында әскери қызметті ұйымдастыру, әскерді жабдықтау, сондай-ақ оның материалдық және қаржылық тұрғыдан қамтамасыз етілуі жан-жақты зерделенеді. Қауіпсіздік Кеңесі Төрағасының орынбасары Аида Балаева басқаратын комиссия жүйелі сипат алған заңбұзушылықтарды анықтап, кімдердің жауапқа тартылатынын айқындауы қажет.

Мемлекет басшысы әскери қызметшілер лауазымына, шеніне қарамастан жауапқа тартылатынын, заң бойынша қатаң жазасын алатынын ескертті. Аталған мәселе Президенттің жеке бақылауында.

— Бұл оқиға армияда олқылықтар өте көп екенін және кәсібилік жетіспейтінін анық көрсетті. Әскерді түбегейлі реформалауды іске асыратын уақыт келді. Бұл — кезек күттірмейтін мәселе. Мен осыған байланысты кадрлық шешімдер қабылдадым. Сіздерге Қазақстан Республикасының жана Қорғаныс министрі Мырзахметов Айдоc Сөкенұлын таныстырғым келеді. Айдоc Сөкенұлы



күрделі кезеңде қызметке кірісіп жатыр. Жауапкершілік — өте жоғары, алдағы міндеттер — аса күрделі. Батыл шешімдер қабылдануға тиіс, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев қорғаныс ведомствосының жұмысын түбегейлі трансформациялау мәселесіне тоқталды. — Жакында Қауіпсіздік Кеңесі Аппаратымен өткен жиында әскери салада атқарылатын басым міндеттерді айқындадым. Біздің армия өткен ғасырда қалып қойған. Сонымен қатар қолбасшылық жүйесін халықаралық үздік тәжірибеге сай қайта құру керек. Кешенді тәсіл қолдану қажет. Ал ол үшін бағыт-бағдарымыз анық болғаны жөн.

Бұл дүниетанымы кең, сауатты офицерлердің ғана қолынан келеді. Реформаның мақсаты — жаңа үлгідегі әскер жасақтау, — деді Мемлекет басшысы.

Президент армияда цифрлық трансформация жүргізуді, мүмкіндігінше адамды технологиямен алмастыруды тапсырды.

— Әскерді дамытудың жанаша тәсілдері қажет. Таптаурын шешімдер, алдамшы амалдар, қағаз жүзінде бәрін керемет етіп көрсететін өтірік есептер ешкімге қажет емес, — деді Президент.

Қорғаныс министріне бірқатар кезек күттірмейтін міндет жүктелді. Бірінші міндет — бюджет қаражатының тиімді жұмсалуды қамтамасыз ету.

— Бөлінген қаржы мемлекеттің қорғаныс қабілетін арттырып, барынша нәтиже беруге тиіс. Мақсатсыз шығынға, талан-таражға жол берілмейді. Мұндай әрекеті әшкереленгендердің бірде-біреуі жауапкершіліктен құтылмайды, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Екінші міндет — қазіргі заманғы қауіп-қатерлерді ескере отырып, Қарулы Күштерді реформалау. Қауіпсіздік Кеңесінің Аппараты Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, он күн ішінде әскерді реформалау жөнінде арнайы жоспар әзірлеуге тиіс.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы мандарды іріктеу мен бағалаудың ашық критерийлерін енгізген жөн деп санайды.

— Әскери лауазымдарға басшының «өз адамдары» емес, тәжірибелі және білікті кадрлар ұсынылуға тиіс, — деді Президент.

Үшінші міндет — әскер қатарындағы идеология және тәрбие жұмысын күшейту. Бұл іс Конституцияның басты қағидаттары мен құндылықтарына сәйкес жүргізілуге тиіс. Сондай-ақ әлемнің әскери тарихы, ұлтымыз бен жаһан елдерінің озық рухани-мәдени жетістіктері кеңінен дәріптелуі керек. Армия кәсіби даярлық пен білімді шыңдап, отаншылдыққа баулитын мектеп болғаны жөн. Онда әрбір әскери қызметшінің өмірі мен қауіпсіздігі бәрінен жоғары тұруы қажет.

— Отан қорғау — әр азаматтың кастерлі борышы, қасиетті парызы. Әскери қызметке өмірін арнаған әр азамат мемлекеттің қамқорлығы мен қолдауды айқын сезінуі керек. Әскер — қорқыныш пен үрейге толы жер болмауы керек. Әскер — жас сарбаздарды, еліміздің нағыз отаншыл азаматтарын тәрбиелеудің бұрынғы және қазіргі озық үлгілері ұштасқан кәсіби деңгейі жоғары институт болуға тиіс, — деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пайымдауынша, БАҚ әскери қызмет, әсіресе басшылықтың жоғары бағасы мен қолдауына ие болған әскери қызметшілер туралы объективті ақпарат таратқаны жөн.

Жоғарғы Бас Қолбасшы нақты әрі түсінікті, кезең-кезеңімен реформалау жоспарын әзірлеу маңызды екеніне назар аударды. Оны көлемді тұжырымдамаға немесе жол картасына айналдыруға болмайды. Реформа жоспары қазан айының екінші жартысында өтетін Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында қаралады.

Президент Қауіпсіздік Кеңесінің Аппаратына әскерді реформалау үдерісін үйлестіруді тапсырды.

ҮКІМЕТ

ЭКОНОМИКАДА ЕЛЕУЛІ ӨСІМ БАЙҚАЛДЫ

Премьер-министрдің орынбасары — Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен Экономикалық өсуді қамтамасыз ету жөніндегі штаб отырысында 9 айдағы экономикалық өсімнің алдын ала нәтижелері қаралды.

Жалпы ішкі өнімнің өсіміне негізгі үлесті құрылыс, өңдеу өнеркәсібі, көлік және қоймаға жинау, сауда және ауыл шаруашылығы салалары қосып отыр. Өңдеу өнеркәсібінде қантаркүйек айларының қорытындысы бойынша нақты көлем индекcінде оң өсім сақталады деп күтілуде. Өсімдегі негізгі үлесті машина жасау және химия өнеркәсібі қамтамасыз етуде.

2026 жылғы 8 айдың қорытындысы бойынша машина жасау саласында жеңіл автомобиль өндірісі 34,2%-ға өсіп, 117,2 мың бірлікке жетті. Жүк және арнайы техника өндірісі 18,5%-ға, теміржол платформаларын шығару 76,6%-ға, жолаушылар вагоны өндірісі 40,9%-ға ұлғайды. Химия өнеркәсібінде күкірт қышқылы өндірісі 4%-ға, полипропилен 24,5%-ға, аммофос 10,3%-ға өсті.

Бұл ретте металлургияда НКИ 97,5% деңгейінде сақталуда. Көрсеткіштерді жақсарту үшін шикізат базасын кеңейту шаралары қабылданып жатыр. Ел ішінде және шетелде әлеуетті жеткізушілермен келіссөз жүргізілуде.

Серік Жұманғарин Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Сауда және интеграция министрлігімен бірлесіп кәсіпорындарды шикізаттың қосымша көлемімен қамтамасыз ету бойынша қабылдап жатқан шаралары туралы ақпаратты тыңдады. Талқылау қорытындысы бойынша металлургия саласы үшін шикізат базасын кеңейту жұмысын жалғастыруды тапсырды.

Құрылыста да оң динамика бар. Қантар-тамызда құрылыс жұмыстарының көлемі 6,1 трлн теңге немесе өткен жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 115,6%-ға артты. Өсім 18 өңірде байқалды. Тоғыз айдың қорытындысы бойынша құрылыс жұмыстары көлемінің ұлғаюы болжануда. Мәселен, тұрғын үй құрылысында өсім сақталып отыр: сегіз айда 11,3 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, бұл өткен жылғы



көрсеткіштен 3,6%-ға артық. Тоғыз айдың қорытындысы бойынша 12,8 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді деп болжанған.

Көліктік-логистикалық сектор оң динамиканы сақтап отыр. Жүк тасымалының өсуіндегі негізгі үлесті астық пен көмір теміржол тасымалы қамтамасыз етеді. Астық тасымалдау көлемі 3 млн тоннаға артып, 13,6 млн тоннаға жетті, көмір 1,1 млн тоннаға, темір рудасы 2,8 млн тоннаға ұлғайды. Бұл қарқын мұнай мен газ тасымалдау көлемін сақтау және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру арқылы орындалып жатыр.

Сауда экономиканың өсуіне айтарлықтай үлес қосуды жалғастыруда. Қантар-тамыздағы сауда саласындағы НКИ — 106%. Айналым 51,5 трлн теңгеге жетті. Тоғыз айдың қорытындысы бойынша тұрақты өсім болжануда. Негізгі салымды көтерме сауда қамтамасыз етуде. Мұдағы айналым 34,7 трлн теңгеге жетті. Ол металлургия өнімі, астық және отын саудасының өсуі есебінен орындалды. Бөлшек саудада айналым 17 трлн теңгеге жетіп, бұл ретте азық-түлік тауары бойынша ең жоғары қарқын байқалды.

Кеңесте өңірлердегі сауданы дамыту мәселесі де қаралды. Вице-премьер-өкілдіктерге Премьер-министрдің сауданы дамытудың өңірлік жол карталарын жүзеге асыру жөніндегі тапсырмасының сапалы орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды.

Агроөнеркәсіптік кешенде қантаркүйек айларының қорытындысы бойынша көрсеткіштер тұрақты өсуі

мүмкін. Болжам бойынша оң динамика жыл соңына дейін сақталады. Биыл егін жинау қарқыны былтырғыдан жоғары. Негізгі үлесті майлы дақылдың жалпы жиналуының ұлғаюы есебінен егін шаруашылығы қамтамасыз етіп отыр. Мал шаруашылығындағы өсім заманауи тауарлы сүт фермаларының жобалық қуатқа жетуі есебінен сүт өндірісінің артуымен, сондай-ақ бордақылау алаңдарын жеңілдікпен несиелеудің нәтижесінде ет өндірісінің өсуімен орындалмақ.

Азық-түлік өнеркәсібі экономиканың өсуіне қосымша үлес қосуда. Қантаркүйектің қорытындысы бойынша жаңа қуаттарды енгізу және жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарда өндірісті кеңейту есебінен өндірісте оң серпін күтілуде.

Серік Жұманғарин үш тоқсанның соңында барлық негізгі салалар бойынша болжамды көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз ету маңызды екенін атап өтті.

«Біздің міндетіміз — жыл соңына дейін қарқынды жеделдету емес, бекітілген жұмыс кестесін нақты орындау. Сегіз айдың ішінде барлық негізгі ресурстар таратылып, қажетті резервтер құрылды. Ендігі міндет — оларды тиімді пайдалану, қаражатты уақытылы және сапалы игеру және негізгі салаларда белгіленген жұмыс кестелерін сақтау. Басты назарды өндірістік тізбектерге аудару керек. Бұл құрылған қуаттарды қажетті ресурстармен және бөлшектермен қамтамасыз ету үшін маңызды», — деп түйіндеді штаб отырысын вице-премьер.

ПӘРМЕН

ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР САНЫ АРТТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларын орындау аясында ел өңірлерінде өнеркәсіптік әлеуетті дамыту, көлік және тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту, сондай-ақ азаматтардың өмір сүру сапасын жақсарту бойынша жүйелі жұмыс жалғасуда. Өткен аптада жаңа кәсіпорындар, көлік тораптары, спорттық және әлеуметтік нысандар пайдалануға берілді.



Жамбыл облысында жүгеріні терең өңдеу зауыты іске қосылды. Оның құрылысы 2025 жылдың сәуір айында басталды. Бірінші кезеңде шикізатты қайта өңдеу қуаты жылына 500 мың тоннаны құрамақ. Кейіннен 3 млн тоннаға дейін жеткізу жоспарда бар. Кәсіпорын өнімдері тамақ, фармацевтика және биотехнология салаларына бағытталған.

Павлодарда қуаты жылына 150 мың тоннаға дейін жететін автоматтандырылған сұрыптау кешенінің бірінші кезегі пайдалануға берілді. Инвестиция сомасы — 5 млрд теңге. Кәсіпорын пайдалы фракциялардың 30%-на дейін (пластик, қағаз, картон, шыны, металл, алюминий банкәлар және т.б.) іріктеуге, сондай-ақ компосттау әдісімен жылына 60 мың тоннаға жуық органикалық қалдықтарды қайта өңдеуге мүмкіндік береді.

Ұлытау облысында төрт теміржол вокзалы — Жезқазған және Қаражал қалаларындағы, Жаңаарқа ауданындағы және Қызылжар стансасындағы нысандар жаңғыртудан кейін пайдалануға берілді. Атап айтқанда, Жезқазған қаласындағы вокзалдың ауданы 2,5 мың шаршы метрге дейін кеңейтіліп, тәулігіне 2 мың жолаушыға дейін қызмет көрсету мүмкіндігіне ие болды.

Ақмола облысының Атбасар қаласында реконструкциялау жұмыстарынан кейін жаңа теміржол вокзалы ашылды. Онда ескі ғимараттың орнына жаңа кешен салынды. Нысанның ауданы 661 шаршы метрден 823 шаршы метрге дейін ұлғайтылды. Жаңа вокзал тәулігіне орта есеппен 310 жолаушыға қызмет көрсетуге есептелген.

Қазақстанда ұшу географиясын кеңейту шеңберінде Алматы — Чунцин жаңа бағыты бойынша тұрақты рейстер іске қосылды. Рейстер Airbus 320neo әуе кемелерімен сәрсенбі және сенбі күндері аптасына екі рет жиілікпен орындалады.

Шығыс Қазақстан облысы Марқакөл ауданының Қалжыр ауылында ауданы 850 шаршы метрден асатын жаңа спорт модулі ашылды. Нысан жаттықтырушы-оқытушылардың жетекшілігімен балалардың дене шынықтырумен тұрақты айналысуына арналған.

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Ақкемер ауылында өрт сөндіру бекеті ашылды. Жаңа нысан тәулік бойы кезекшілікке арналған техникамен, байланыс құралдарымен және киім-кешекпен жабдықталған. Бекет үш елді мекен тұрғындары қауіпсіздігін қамтамасыз етеді және ТЖ-ға жедел ден қоюға мүмкіндік береді.



ҚАРЫЗДЫ АЗАЙТУ ЖОЛДАРЫ ҚАРАЛДЫ

«Әділет» партиясында қазақстандықтардың қарызын азайтуға бағытталған жаңа тәсілдер талқыланды. Мемлекеттік органдардың, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің, Ұлттық банктің және екінші деңгейдегі банктердің өкілдері қарыз алушыларды қолдау шараларын, халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру және заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды қарастырды.

Қарызы бар азаматтарға көмектесудің тиімді жолдарының бірі — «Қарызсыз қоғам» партиялық жобасы. Жоба мамандары азаматтарға қарыздарын реттеуге көмектесіп, қарыз алушылардың құқықтарын түсіндіреді, банктермен және басқа да кредиторлармен келіссөздер жүргізуге қолдау көрсетеді, сондай-ақ берешекті төлеу шарттарын қайта қарауға жәрдемдеседі.

Жоба аясында жыл басынан бері 175 мыңнан астам қызмет көрсетілді. Оның ішінде 27 мыңнан астам өтініш берешекті қайта құрылымдау, шоттардағы тыйымды алу, банкроттық рәсімдерін жүргізу, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру сынды шаралармен бітіп, басқа да құқықтық көмек берілген. Бұдан бөлек, 67 мыңнан астам өтініш бойынша жұмыс жалғасып жатса, 21,5 мың азаматқа берешекті реттеуге көмек қажет екені анықталды.

Сонымен қатар халықтың берешекке бату мәселесі әлі де өзекті. Құрылтай төрағасының орынбасары Дания Есбаеваның айтуынша, 1,3 миллионнан астам қазақстандықтың проблемалық несиесі бар. Ал 90 күннен астам уақыт мерзімі өткен берешек көлемі 2,5 триллион теңгеге жеткен. Азаматтардың өз құқықтарын және қарыз мәселесін шешудің жолдарын білмеуі де түйткілді мәселелердің біріне айналып отыр.

— Өңірлердегі көптеген азамат қарыз мәселесін шешудің қандай мүмкіндіктері бар екенін біле бермейді. Мысалы, банк омбудсманына жүгінуге болатынын немесе проблемалық берешекпен жұмыс істеу кезінде қандай шектеулер бар екенінен хабарсыз. Сондықтан халықтың қаржылық сауаттылығымен қатар, құқықтық сауат-

тылығын да арттыру маңызды, — деді Дания Есбаева.

Ол қарыз өндірілген жағдайда борышкердің шотында кемінде екі ең төменгі күнкөріс деңгейіне тең қаражат қалуы керек екенін де айтады. Жиі кездесетін жағдайлардың тағы бірі — бұрынғы қарызды өтеу үшін жана несие алу. «Әділет» партиясы төрағасының орынбасары Елдар Жұмағазиев мұндай тәсіл мәселені шешпей, керісінше, азаматтың қарызын арттыра түсетінін атап өтті.

— Адам ескі қарызын жабу үшін жана қарыз алған кезде мәселе шешілмейді. Жоба кеңсесінде мамандар банктермен келіссөз жүргізуге көмектесіп, берешекті қайта құрылымдаудың қолайлы жолын табуға жәрдемдеседі, — деді Елдар Жұмағазиев.

Алайда «Қарызсыз қоғам» жобасының тәжірибесіне сүйенсек, қарызды қайта қараудың өзі кей жағдайда мәселені толық шешпейді. Жобаның атқарушы директоры Олжас Ордабаевтың мәліметінше, өтініш білдірген азаматтардың шамамен 40 пайызы төлем кестесі қайта қаралғаннан кейін де берешегін уақытында өтей алмай қалады. Оның бір себебі — азаматтың табысы артпайды, сондықтан белгілі бір уақыттан кейін төлем жасау қайтадан қиындайды. Осыған байланысты партия өкілдері берешекті реттеумен қатар, азаматтарға табыс табуға мүмкіндік беретін жағдай жасау қажет деп санайды. Бұл тәсілді бірінші кезекте ауыл тұрғындарына қолдану жоспарланып отыр.

«Әділет» партиясында ауыл бизнесінің түрлі бағытын дамытуға 2,5 пайыздық мөлшерлеменен жеңілдетілген несие беру

жобасы жүзеге асырылып жатыр. «Қарызсыз қоғам» жобасының қатысушыларына қолдау көрсету жолдары да ортаға салынды. Яғни ақша берудің орнына жұмыс істеуге қажетті құрал-жабдық ұсынылып, жобаны іске қосу кезеңінде қолдау көрсетіледі. Мұндай тәсіл азаматтарға тұрақты табыс табуға жағдай жасап, қарыз төлемдерін қайта кешіктіру қаупін азайтуға мүмкіндік береді.

Тағы бір ұсыныс — проблемалық қарыз алушымен жұмыс берешек 30 күнге кешіккен кезден бастап жүргізілуге тиіс. Бұл шоттарға тыйым салу мен берешектің одан әрі өсуін күтпей, мәселені ертерек шешуге мүмкіндік береді.

— Қазір қаржы ұйымдары қарызын өтей алмай жүрген азаматтың шотына бірінші болып тыйым салуға тырысады. Мұндай қысымның салдарынан борышкер көлденкелі экономикаға кетуі мүмкін. Бұл түтіп келгенде барлық тарапқа тиімсіз, — деді Олжас Ордабаев.

Сондай-ақ отбасы мүшелерінің келісімімен үй шаруашылығының жалпы табысын есепке алу ұсынылды. Бұл қарыз алушының нақты қаржылық мүмкіндігін бағалап, оның төлеуіне шамасы жететін ай сайынғы төлем көлемін анықтауға мүмкіндік береді.

Кездесуде қаржылық сауаттылық мәселесіне де ерекше назар аударылды. Ұлттық банк төрағасының орынбасары Виталий Тутушкин цифрлық қаржылық қызметтердің дамуы азаматтардан жана білімді талап ететінін айтады. Оның сөзінше, қазір 10 мың мектеп мұғалімі қаржылық сауаттылық бойынша оқудан өткен. Ұлттық банк бұл бағыттағы білім беру жобаларын «Әділет» партиясымен бірлесіп дамытуға дайын. КМФ банкінің басқарма төрағасы Шалкар Жүсіпов бұл жұмысты кеңейтіп, мектептер мен мемлекеттік ұйымдарда қаржылық сауаттылық негіздерін жүйелі түрде оқытуды ұсынып отыр. Оның пікірінше, мұндай тәсіл туындаған қарыз мәселелерін шешіп қана қоймай, олардың алдын алуға да мүмкіндік береді.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар бұл жұмысты тұрақты түрде жалғастыруға келісті. Жиын барысында айтылған ұсыныстар одан әрі пысықталып, заңнамаға өзгерістер енгізу кезінде ескеріледі. «Қарызсыз қоғам» жобасы бойынша +7 700 855 85 85 нөмірі немесе qogam-fin.kz сайты арқылы кеңес алуға болады.

ЕРЕКШЕ ОҚЫРМАНДАРМЕН ӨТКЕН КЕЗДЕСУ

Шымкентте «Әділет» партиясы мен Көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған арнайы кітапхана ұжымының ұйымдастыруымен «Кітап оқитын ұлт» жобасы аясында «Күз бен біз» атты әдеби-мәдени шара ұйымдастырылды. Кездесуге «Әділет» партиясы Шымкент қалалық филиалы төрағасының орынбасары Ербол Байқонысов, Еңбекші аудандық партия филиалының атқарушы хатшысы Мақсат Жолдасбеков, кітапхана қызметкерлері мен тұрақты оқырмандар қатысты.

Күз тақырыбы арқау болған басқосуда кітап оқу мәдениеті, әдеби шығармалардың адам дүниетанымына әсері және рухани құндылықтарды дәріптеу мәселелері сөз болды. Қатысушылар өздері оқыған шығармалар туралы ой бөлісіп, әдебиетке деген қызығушылығын ортаға

тар жүргізіліп келеді, — деді Ербол Байқонысов.

Кездесу барысында «Кітап оқитын ұлт» жобасының жүзеге асуына белсенді атсалысып, кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға үлес қосып жүрген азаматтарға алғысхаттар табысталды.



салды. Ербол Байқонысов кітаптың адам санасын дамытудағы рөліне тоқталып, кітап оқудың тек білім алудың ғана емес, ойлау мәдениетін қалыптастырудың да маңызды құралы екенін атап өтті.

— Біз кітап оқу арқылы ғана зиялы ұлтқа айнала аламыз. Ақылына ақы сұрамайтын кітаппен дос болған адамның ой-өрісі де, дүниеге көзқарасы да өзгереді. Сондықтан кітапты әр адамның күнделікті өмірінің бір бөлігіне айналдыруымыз керек. Осы ретте айта кеткім келеді, «Әділет» партиясы көру қабілеті бұзылған және денсаулығында мүгедектігі бар азаматтарды қолдауға да ерекше мән береді. Бұл бағытта партияның арнайы жобалары жүзеге асырылып, олардың қоғам өміріне белсенді араласуына мүмкіндік жасауға бағытталған жұмыс-

Әдеби кеш тек кітап туралы әңгімемен шектелмей, қатысушылар ән айтып, өлең оқыды. Зияткерлік ойындар ұйымдастырылып, белсенділік танытып, зеректігімен көзге түскен жандарға сыйлықтар берілді.

Айта кетейік, 1969 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан кітапхананың бүгінде 22 мың оқырманы бар. Жыл сайын кітапханаға 115 мыңнан астам адам келеді. Ал кітап қоры 105 мыңнан асады. Мұнда көру қабілеті бұзылған азаматтарға әдебиет пен ақпаратты еркін пайдалануға мүмкіндік беретін заманауи адаптивтік технологиялар мен арнайы жабдықтар қарастырылған. Оқырмандар үшін аудиокітаптар, дауыстық сүйемелдеумен ұсынылатын электрондық ресурстар және басқа да бейімделген ақпарат көздері қолжетімді.

КҮРШІМДІКТЕР МӘСЕЛЕСІ ШЕШІМІН ТАПТЫ

Шығыс Қазақстан облысының Күршім ауылында «Әділет» партиясының қоғамдық қабылдауы өтті. Кездесу барысында тұрғындар абаттандыру, коммуналдық инфрақұрылым және әлеуметтік салаға қатысты мәселелерін көтерді.

Ауыл тұрғыны Жаңыл Тырнакпаева көпқабатты үйлердің аулаларындағы қоқыс контейнерлерінің жағдайына қатысты өтініш білдірді. Оның айтуынша, ескі контейнерлер әбден тозып, тұрғындарға қолайсыздық туғызған. Бұл мәселе бұған дейін де көтерілгенімен, ұзақ уақыт бойы шешімін таппаған.

Партия өкілдері тұрғынның өтінішін бақылауға алғаннан кейін көтерілген мәселе шешіліп, ауылдағы көпқабатты үйлердің аулаларында тұрған ескі қоқыс контейнерлері жанына ауыстырылды.

— Бұл мәселе біз үшін өте маңызды еді. Ескі контейнерлер тұрғындарға қолайсыздық туғызып келген болатын.

Қоғамдық қабылдауда көтерген өтінішіміздің назарға алынып, қысқа уақытта шешімін тапқанына қуаныштымыз. Тұрғындардың мәселесіне бейжай қарамай, нақты көмек көрсеткен партия өкілдеріне алғысымды білдіремін, — деді ауыл тұрғыны Жаңыл Тырнакпаева.

Жаңа контейнерлердің орнатылуы аулалардың тазалығын сақтауға және тұрғындарға қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Айта кетейік, «Әділет» партиясының қоғамдық қабылдаулары өңірлерде жалғаса береді. Мұнда тұрғындар өздерін толғандырған мәселелерін тікелей айтып, оларды шешуге қатысты тиісті қолдау ала алады.



Дайындаған Бекбөл АМАНГЕЛДІ

БАЛАЛАР ҚҰҚЫҒЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

«Қазақстан балалары» ұлттық бағдарламасы аясында «Әділет» партиясының Атырау облыстық филиалында балалар құқығын қорғау мәселелері бойынша бірыңғай тақырыптық қоғамдық қабылдау өтті.



Қабылдауға партияның облыстық филиалы төрағасының орынбасары Қуантай Бисалиев, облыстық мәслихат депутаты Айгүл Әмірғалиева, Атырау облысы Бала құқығы жөніндегі өңірлік уәкілі, Атырау қалалық мәслихатының депутаты, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, құқық қорғау, құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салаларының өкілдері қатысты.

Тұрғындардың басым бөлігі — көпбалалы және жалғызбасты аналар балаларын балабақшаға орналастыру, тұрғын үй және жылыту жүйесімен қамтамасыз ету, емделуге қаржылай көмек алу, оналту құралдарына қол жеткізу, сондай-ақ қиын өмірлік жағдайдан шығуға қолдау көрсету мәселелерін көтерді.

Мәселен, алты баланы жалғыз тәрбиелеп отырған ана балаларын балабақшаға орналастыруға көмек сұрады. Сондай жағдайдағы тағы бір жалғызбасты көпбалалы ана үйге жылыту жүйесін орнатуға немесе қажетті қаржылай көмек көрсетуге ықпал етуді өтінді. Ал жеті баланың анасы III топтағы мүгедектігі бар жұбайымен бірге ерекше қажеттілігі бар баласын Алматы қаласына емделуге апару үшін қаржылай қолдау сұрады.

Қабылдауда екі құлағының есту қабілеті ауыр дәрежеде бұзылған көмелетке толмаған

баланы қажетті медициналық құралмен қамтамасыз ету мәселесі де көтерілді. Дәрігерлердің қорытындысына сәйкес, балаға бас сүйек арқылы дыбыс өткізетін ВАНА 6 МАХ аппаратын екі құлағына да қолдану ұсынылған. Қазір аппараттың біреуі ғана берілген. Баланың есту қабілетін жақсартып, сөйлеу тілінің толыққанды дамуына мүмкіндік жасау үшін екінші аппаратпен қамтамасыз етуге көмек сұралды.

Сондай-ақ басқосуда тұрақты баспанасы жок, екі баласы бар ананың жағдайы қаралды. Қазір ол Аналар үйінде тұрады. Бұған дейін үйінің болмауына байланысты уақытша мемлекеттік мекеменің қарауына алынған балаларының бірі анасына қайтарылған, ал екінші баласы сот шешімімен әкесінің қамқорлығында қалған. Әйел қазан айында Аналар үйінен шығатындықтан, уақытша баспанамен және әлеуметтік қолдаумен қамтамасыз етуге көмек қажет екенін жеткізді.

— Балалардың қауіпсіздігі мен құқығын қорғау — тек бір отбасының немесе бір мекеменің емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Бүгін көтерілген әрбір мәселенің артында баланың тағдыры тұр. Сондықтан аналардың өтініштері қағаз жүзінде қалып қоймай, тиісті мемлекеттік органдармен бірлесіп нақты шешімін табуы қажет. Әйелдер қанатының тарапынан бұл мәселелердің шешілу барысын бақылауда ұстаймыз, — деді облыстық мәслихат депутаты Айгүл Әмірғалиева.

Айта кету керек, қоғамдық қабылдауда айтылған әрбір өтініш жеке қаралып, қолданыстағы заңнама аясында түсініктеме-лер берілді. Көтерілген мәселелер тиісті мемлекеттік органдар мен құзырлы мекемелерге жолданып, олардың шешілу барысы партия филиалының бақылауына алынды.

Баян ЖАНҰЗАҚОВА

29 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕЙСЕНБІ

САҚТАНДЫРУДЫҢ ДА САНАҒЫ БАР

Қазақстандағы 2024 жылғы алапат су тасқыны халықтың қабырғасын қайыстырып, табиғи дүлейдің қуатын, қауіпсіздіктің маңызын айқын ұқтырды. Содан кейін баспананы міндетті сақтандыру жүйесін енгізу өзекті тақырыпқа айналып, Президент тиісті тапсырма жүктеді. Осыған орай Биыл Ұлттық банк пен қаржылық реттеуші осы тетікті енгізуге кірісіп жатыр. Бірақ бұл бастама жүзеге асуы үшін Құрылтай тиісті заң қабылдауға тиіс. Сонда қазақстандықтар 2030 жылға дейін баспанасын табиғи апаттардан жаппай сақтандырып шығуға тиіс болады. Дамыған елдердің бұл тәжірибесі Қазақстанда қалай жүзеге аспақ?

А Айхан ШӘРІП

ҚЫЗЫЛ СУДАН ҚАЛҒАН САБАҚ

Екі жыл бұрынғы тасқын ел бірлігіне сын болды. Республиканың 20 өңірінің 11-ін қарғын су басты. Сын сағатта қазақстандықтар жұрт болып жұмылды. Үкімет, мемлекеттік органдар, құтқарушылар, волонтерлер, сарбаздар, тәртіп сақшылары, қоғам белсенділері, бизнес және былайғы жұртшылық бірлесіп қимылдады, бір кісідей жұмылды. Ортақ істен ешкім шет қалған жоқ. Зардап шеккен жандарға жаппай қол ұшын созды. Соның нәтижесінде 119 мыңнан астам адам дер кезінде қауіпсіз жерге көшірілді. Оның 45 мыңға жуығы — балалар. Ең бастысы, адам өмірін барынша сақтап қалды.

Сол 2024 жылғы 25 сәуірде Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIII сессиясында сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халықтың «өте ауыр сынаққа тап болғанына» назар аудартты. Сондай-ақ Қазақстан көшбасшысы қазіргі әлемде түрлі табиғат апат көбейіп бара жатқанын қаперге салды.

— Шын мәнінде, апат деген айтып келмейді екен. Қазақстан да үлкен қатерге тап болды. Еліміздің көптеген аймақтарында алапат су тасқыны болып жатыр. Соған сай Үкімет барлық қажетті іс-әрекеттерді жасап жатыр, тиісті қаражат бөлінді, ірі компаниялар мен бизнес өкілдері қол ұшын берді. Жойқын су тасқынынан бұзылған үйлерді қалпына келтіру, зардап шеккен тұрғындардың қалыпты өмірге қайта оралуын қамтамасыз ету — дәл қазір Президент ретінде менің алдымда тұрған аса маңызды міндет! — деді Қ.Тоқаев.

Сол бір қиын-қыстау кезде ешкім ескерусіз қалмаған, мемлекет өз міндет-мемесін орындаған. Әйткенмен, болашақта табиғи апаттардың салдарын жоюда шығыстардың басым бөлігін сақтан-



Елшір КАЗА (солдан)

дыру компаниялары өтейтін «мүлкті сақтандыру жүйесін» жолға қою тапсырмалды.

— Біз алдағы уақытта азаматтардың мүлкін сақтандыру жүйесін одан ары жетілдіру жолдарын қарастыруымыз қажет. Дамыған елдерде алапат апаттан келген шығынның басым бөлігін сақтандыру компаниялары мойнына алады. Әрине, ол үшін экономика мен қаржы жүйесін одан ары дамытып, қоғамда тиісті мәдениет қалыптастыру керек! Үкімет бұл мәселемен айналыссын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ізінше, Президентінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі №1021 Жарлығымен «Қазақстанның қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы» бекітілді. Онда осы міндет ресми белгіленді. Бұл құжатта ел өңірлерінің едәуір бөлігі сел, су тасқыны, жер сілкінісі, құрғақшылық сияқты табиғи тәуекелдерге бейім екені атап өтіледі.

«Халықты және азаматтардың мүлкікті мүдделерін табиғи апаттардан қорғауда сақтандыру тетіктері іс жүзінде іске қосылмаған. Шығындарды өтеу бойынша шығыстардың ауыртпалығы негізінен мемлекеттік бюджетке түседі. Бұл факторлар ұлттық экономикаға да, қарапайым азаматтарға да айтарлықтай шығын келтіреді. Ірі шығындарды азайту мақсатында мемлекет пен сақтандыру секторы қатысатын апатты оқиғалардан сақтандыруды енгізудің орындылығына талдау жүргізілетін болады», — деп белгіленген тұжырымдамада.

ҮЙДІҢ ТЫНЫШТЫҒЫ — ЕЛДІҢ ТЫНЫШТЫҒЫ

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі мен Ұлттық банк әзірлеп шыққан, 2030 жылға дейінгі Сақтандыру нарығын дамыту бағдарламасына сәйкес, тұрғын үйді табиғи апаттардан міндетті сақтандыруды кезең-кезеңімен енгізу көзделді. Негізгі үш қатер нақты белгіленген,

бұлар — зілзала, су тасқыны, сондай-ақ табиғи орман-дала өрті. Демек, Құрылтай заң жобасын қазіргі күйінде қабылдаса, азаматтар өз баспанасын осыларға қатысты сақтандыруға міндетті болмақ. Басқа негіздерді қамтығысы келсе, ол әркімнің өз еркінде. Бұл жаңа жүйе алдағы 4 жыл ішінде кезең-кезеңімен іске қосылмақ.

Агенттік мамандарының түсіндіруінше, мұнда маңызды бір жайт бар. Сақтандыру нысаны кез келген мүлік, мысалы, гараж, қора, дүкен, коммерциялық жылжымайтын мүлік емес, жеке тұлғаның атына тіркелген, тұрақты тұруға пайдаланылатын үйі немесе пәтері болады. Жиһаз, тұрмыстық техника, жеке заттар және ауладағы тұрғын емес құрылыстар міндетті полиске кірмейді. Ендеше мемлекет талап ететін қорғаныс тетігі адамның бүкіл мүлкін емес, ең басты материалдық құндылығын — басына пана болар үйін қорғауға бағытталады. Жүйенің міндетті болуының себебі де осында: табиғи дүлей салдарынан адам ауқатынан айрылуы мүмкін, бірақ далада қалмауы керек.

Әзірге елімізде баспананы сақтандыру тек ерікті негізде жүргізіледі. Бұл модель жағдайында Қазақстанда тұрғын үйін табиғи қатерлерден сақтандырған азаматтардың үлесі небәрі 3,2%. Кейінгі жылдары жер дүмпуін жиі сезінетін Алматының өзінде бұл көрсеткіш — 7,7% ғана. Тұрғындардың басым бөлігі «апат болса, мемлекет өтемақы береді» деп үміттенетін болса керек. Соңғы бес жылда ерікті мүлкікті сақтандыру шарттарының саны 12%-ға, сыйлықақы көлемі 51%-ға өскенімен, тұрғын үйді қамту деңгейі төмен күйінде қалып тұр.

Әлемнің озық елдеріндегі тұрғын үйді сақтандыру деңгейі Қазақстанмен салыстырғанда әлдеқайда жоғары. Мысалы, АҚШ-та үйлердің шамамен 93%-ы сақтандырылумен қамтылған. Федералдық резервтің дерегінше, үй не-

лерінің 7%-ы ғана сақтандырусыз жүр. Ипотекалық несиесі бар тұрғындар арасында сақтандыру үлесі бұдан да жоғары — шамамен 97%.

Еуропа лидері Германияда тұрғын үйлерді табиғи апаттардан, соның ішінде су тасқыны мен несер секілді қауіптерден қорғайтын арнайы сақтандыру түрі бар. ГФР сақтандыру қауымдастығының мәліметіне сай, 2024 жылдың соңында тұрғын үйлердің шамамен 57% табиғи апаттардан сақтандырылған. Бұл көрсеткіш 2019 жылы 45% еді. Яғни бес жыл ішінде көрсеткіш 12 пайыздық тармаққа өскен.

Түркияның тәжірибесі Қазақстан үшін айрықша қызықты. Себебі бұл елде 1999 жылғы жойқын жер сілкінісінен кейін зілзаладан міндетті сақтандыру жүйесі — DASK енгізілді. 2024 жылғы дерек бойынша, Түркияда 11,3 миллионнан астам тұрғын үй жер дүмпуінен міндетті сақтандырумен қамтылған. Бұл тұрғын үй қорының 57%-дайы. Халықаралық тәжірибеге қарағанда Қазақстанда сақтандыру мәдениетінің қалыптасу деңгейі әлі төмен екенін байқауға болады.

ҚАУІПТЕН ҚОРҒАЙТЫН ҚАЛҚАН

Жаңа жүйеге қатысты қоғамда және сарапшылар ортасында ең көп талқыланып жатқан мәселе — табиғи апат болғанға шейін әрбір азаматтың қалтасынан шығаруға тиісті шығыны. Бастапқыда Үкімет халыққа үлкен ауыртпалық түсірмеу үшін тұрғын үйді міндетті сақтандырудың жылдық жарнасының мөлшерін 1 мың теңгеден басталатынын хабарлап еді. Алайда Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттеу агенттігі ұсынған нұсқада жарнаның төменгі шегі 2 мың теңге деп көрсетілген.

Бұл сома барлық азамат үшін бірдей болмайды. Жарна мөлшері тұрғын үй орналасқан өңірдің табиғи қауіп деңге-

йіне байланысты сараланбақ. Сәйкесінше, зілзала қаупі жоғары елді мекендердің — ауыл мен қаланың тұрғындары көбірек төлеуге мәжбүр болады. Бұл ретте әзірше «жарна 2 мың теңгеден кем болмайды және 20 мың теңгеден аспайды» деп белгіленді. Бірақ Құрылтай депутаттары заңды қарау барысында бұл соманы өзгертуі ықтимал.

Төтенше жағдай орын алғаннан кейінгі берілетін төлемдер көлеміне де шек-лимит қойылды. Ағымдағы ұсынысқа сәйкес, бірінші кезеңде сақтандыру төлемінің мөлшері жарнаның өз сомасынан 500 есеге дейін жетуі мүмкін. Басқаша айтқанда, жылына 2 мың теңге төлейтін азамат 1 млн теңгеге дейінгі төлемден үміттенсе алады, ал 20 мың теңге төлейтін адам 10 млн теңгеге дейін ала алуы ықтимал.

2024 жылғы су тасқыны кезінде кейбір азамат мемлекет ұсынған өтемақының тұрғын үйді қалпына келтірудің нақты шығындарын өтемегенін мәлімдеген-тін. Осыған байланысты жаңа жүйеде төлем сомасының нарықтағы құрылыс құнымен арақатысы да аса маңызды мәнге ие болады. Құжатта атап өтілгендей, бастапқы кезеңде төлемдер қираған үйдің толық құнын өтеуге емес, тек зардап шеккен адамның бірінші кезектегі қажеттіліктерін өтеуге бағытталмақ. Әйтпесе, барлық үйдің толық құнын өтеуге қаржы жетпейді. Жылдар өте келе, сақтандыру қоры қаражатының жиналуына қарай төлемдер мөлшерін ұлғайту жоспарланған: ол тұрғын үйді қалпына келтіруге немесе жанасын сатып алуға жеткілікті деңгейге дейін ұлғаюы мүмкін.

Жарналарды жинау және төлемдерді ұйымдастыру үшін бірыңғай оператор (жеке қор) құру ұсынылады. Оның функциялары тек қаражатты жинақтаумен шектелмейді. Оператор зардап шеккендерге төлемдер жасауға және ірі шығындарды қайта сақтандыруға қатыспақ. Мұндай тәсіл табиғи апаттардың ерекшелігіне байланысты туындап отыр. Бір ауқымды су тасқыны немесе жер сілкінісі салдарынан мыңдаған үй бір мезгілде қирап, бұзылуы мүмкін. Мұндай жағдайда жекелеген сақтандыру компанияларына сонша көп шығынды еңсеру қиынға соғады. Сондықтан мемлекет капиталды бір қорда шоғырландыру және қайта сақтандыру арқылы ірі тәуекелдерді еңсеру әлдеқайда тиімдірек деп санайды.

«Олай болса, жаңа тетік енгізілгеннен кейін мемлекет дүлей апаттан зардап шеккен жұртына жанашырлық көрсетіп, жәрдемдесей ме?» деген сауал туындауы мүмкін. Ұлттық банк мамандарының түсіндіруінше, жаңа жүйе мемлекетті бұл міндеттемесінен және жауапкершіліктен босатпайды. Мемлекет табиғи апаттардың алдын алуды, төтенше жағдайларға дайындықты және олардың салдарын жоюды ары қарай жалғастырады.

Баспана — төрт қабырға мен шатыр ғана емес, әрбір шаңырақтың ертенге деген сенімі. Сол құндылықты адамзаттың өзі бүлдірген табиғаттың тосын мінезінен қорғау енді ортақ жауапкершілікке айналмақ.

ЦИФРЛЫҚ КЕНІШТІҢ ҚАЗЫНАСЫ

Қазақстанда цифрлық активтер нарығы біртіндеп жаңа экономикалық бағыт ретінде қалыптасып келеді. Бұған дейін криптовалюта көбіне майнинг пен сауда алаңдары тұрғысынан қарастырылса, қазір мемлекет бұл саланы қаржы нарығы, инвестиция, төлем жүйелері және жаңа технологиялармен байланыстыра отырып дамытуға кірісті. Соңғы жылдары майнингтен бюджетке түсетін түсім де артып, цифрлық активтер нарығындағы операциялар көлемі бірнеше есеге өсті.

А Кәмила ДҮЙСЕН


Бүгінде Қазақстанда шамамен 3,5 мың биткойн өндірілген. Ал цифрлық майнингтен бюджетке түсетін салық түсімі 2025 жылы 22,4 млрд теңгеге жетті. Бұл 2024 жылғы 9,9 млрд теңгеммен салыстырғанда екі еседен астам көп. Майнерлер тұтынған электр энергиясының әр киловатт-сағатына 2 теңге мөлшерінде арнайы төлем жасайды.

Алайда саланың мемлекетке берері тек салықпен шектелмейді. Үкімет цифрлық майнингті экономиканың басқа секторларымен байланыстырып, одан әрі инвестиция тарту, энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалану және цифрлық активтер нарығын заңдастыруға басымдық беріп отыр.

Биыл цифрлық майнинг саласында жаңа механизм іске қосылды. Мысалы, шілдеде Үкімет стратегиялық цифрлық майнинг жүргізу қағидаларын бекіткен болатын. Оның негізгі ерекшелігі — стратегиялық жобаларға қатысатын майнерлер өндірген цифрлық активтердің 10 пайызын мемлекеттік криптовалюта резервіне беруі. Дегенмен 10 пайыздық талап барлық майнинг компанияларына бірдей қолданылатын жалпы салық емес. Ол стратегиялық цифрлық майнинг жобаларының арнайы механизмі аясында белгіленген.

МАЙНИНГТІҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ

Бірінші стратегиялық жоба 12 қыркүйекте 90 МВт қуатпен іске қосылды.



Жалпы, мұндай жобалардың жоспарланған қуаты 300 МВт болады. Инвестор майнинг жабдығын өз қаражатына әкеліп, деректерді өңдеу орталығын салады және электр энергиясын станстан қолданыстағы тариф бойынша тікелей сатып алады. Жобаға электр стансасы тарапынан қосымша субсидия немесе жеңілдік қарастырылмаған.

Үкіметтің есебінше, қуаты 90 МВт болатын алғашқы жобаның жеті жылдағы жиынтық экономикалық әсері 156 млн доллар болады деп күтіледі. Яғни жаңа модельдің мақсаты — цифрлық актив өндірудің өзін ғана емес, оның айналасын-

дағы экономикалық белсенділікті де арттыру.

Цифрлық майнинг электр энергиясын көп қажет ететін сала болғандықтан, оның дамуы энергетика жүйесіне де тікелей байланысты. Осыған байланысты Үкімет майнинг орталықтарын қамтамасыз ету үшін газ және көмір генерациясын пайдалану тетігін қарастырып жатыр.

Сонымен бірге «70/30» бағдарламасы арқылы жаңа электр қуатын салуға жеке инвестиция тарту көзделген. Оның аясында инвестор жаңа станса салуы немесе қолданыстағы электр стансасының қуатын арттыруы мүмкін. Өндірілетін

жаңа қуаттың 70 пайызы майнерлер мен ірі тұтынушылардың қажеттілігіне бағыттала, қалған бөлігі ұлттық энергетикалық жүйеге беріледі.

НАРЫҚТЫҢ КӨЛЕМІ АРТЫП КЕЛЕДІ

Цифрлық активтердің экономикалық әлеуетін тек майнинг көлемінен емес, солар арқылы жасалатын операциялардан да байқауға болады.

АХКО Қаржылық қызметтерді реттеу комитетінің Лицензиялау және қаржы технологиялары кеңсесінің басқарушы директоры Еркеғали Еденбаевтың айтуынша, қазақстандықтардың әлем бойынша шамамен 1 млн криптоөмияны бар. Бұл операциялардың белгілі бір бөлігі шетелдік платформаларда жүргізілетінін көрсетеді.

— Қазақстандықтарға әлем бойынша шамамен 1 миллион криптоөмиян тиесілі. Бұл операциялардың едәуір бөлігі әлі де шетелдік платформаларда жүргізілетінін көрсетеді. Алдағы кезеңдегі негізгі міндеттердің бірі — осы клиенттерді АХКО-ның реттелетін ортасына тарту, — деді Еркеғали Еденбаев.

Қазір АХКО-да цифрлық активтер саласында 35 провайдер жұмыс істейді. Оның ішінде 11 цифрлық активтер биржасы, 16 инвестициялық қызметтер провайдері және сегіз төлем ұйымы бар. Олардың қатарында Binance және Bybit сияқты халықаралық криптоплатформалар да бар.

Реттелетін нарықтағы операциялардың көлемі де айтарлықтай өскен. Егер 2023 жылы лицензияланған ортадағы цифрлық активтер операцияларының көлемі 320 млн доллар болса, 2025 жылдың қорытындысында бұл көрсеткіш 10,5 млрд долларға жетті. 2026 жылдың алғашқы жартысында операциялар көлемі тағы 5,5 млрд долларға жуықтады.

Клиенттер саны да өскен. 2023 жылы лицензияланған ортада 53 мың клиент болса, қазір олардың саны 270 мың адамға жетті.

Еденбаевтың айтуынша, нарықтағы көрсеткіштер реттелетін ортаның қалыптасып келе жатқанын көрсетеді.

«Егер 2023 жылы лицензияланған ортадағы операциялардың көлемі 320 миллион АҚШ долларын құраса, бытырғы жылы бұл көрсеткіш 10,5 миллиард АҚШ доллары болды. Биылғы жылдың бірінші жартысының ішінде операциялар көлемі 5,5 миллиард АҚШ долларына жетті. Осылайша, қысқа уақыт ішінде реттелетін нарық отыз есеге өсті», — деді ол.

Мемлекет үшін келесі міндет — майнингті жеке тұрған сала ретінде қалдырмай, толық цифрлық қаржы экосистемесінің бір бөлігіне айналдыру.

Үкімет бекіткен цифрлық активтер саласын дамыту жоспары 65 іс-шараны қамтиды. Оның ішінде цифрлық активтерді төлемдерде пайдалану, инвестициялық құралдарды дамыту, токенизация, активтерді сақтау және цифрлық қаржылық қызметтерді кеңейту бағыттары бар.

Мәселен, қазір Қазақстандағы 5 мыңнан астам сауда нүктесінде цифрлық активтер арқылы QR-кодпен төлем жасау мүмкіндігі іске асырылған. Төлем кезінде сатушы теңгемен қаражат алады. Ал тұрғын үй саласында Baspara Hub платформасы арқылы жылжымайтын мүлкікті токенизациялау мүмкіндігі қарастырылып жатыр. Бұл инвесторға пәтерді толық сатып алмай-ақ, оның цифрлық үлесіне инвестиция жасауға мүмкіндігі беруді көздейді.

Осылайша, майнингтің экономикалық мәні өндірілген биткойн көлемімен ғана өлшенбейді. Сала бюджетке салық түсіріп, мемлекеттік крипторезервті толықтырумен қатар, энергетикаға инвестиция тартуға, цифрлық қаржы инфрақұрылымын дамытуға және жаңа технологиялық нарық қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ендігі міндет — осы әлеуетті экономиканың басқа секторларымен тиімді байланыстыру.

«ҚАРА АЛТЫННЫҢ» ҚҰТТЫ ҚАМБАСЫ

Жер астының ырыс-несібесі мен байлығы мол Қазақстан кейінгі жылдары кен орындарындағы жұмыстарды автоматтандыруға ерекше ден қоя бастады. Оның ішінде көмір өндіру саласы да бар. Әрине, шахталар дегенде көптің көз алдына ауыр еңбек пен қараңғы шахта елестеп жататыны жасырын емес. Дегенмен бұл ауыр еңбектің орнын қазір заманауи технологиялар алмастырып жатыр. Қуатты экскаваторлар дейсіз бе, цифрлы бақылау жүйелері, бірнеше шақырымға созылған конвейерлік жүйелер – бәрі бар. Осы даму үдерісінің нышанын Екібастұздағы «Богатырь» көмір кенішінен байқадық.

Мадияр ТӨЛЕУ

Жалпы, «Богатырь» көмір кеніші әлемдегі ең ірі кен орындарының бірі саналады. Сонау 1985 жылы 56,8 млн тонна көмір өндіре алатын өндірістік қуатқа ие болып, Пиннестің рекордтар кітабына енді. Бүгінде кәсіпорын елдің энергетика саласы үшін стратегиялық маңызын әлі сақтап отыр. 2025 жылы компания 45,25 млн тонна көмір өндірді. Бұл дегеніңіз Қазақстанның барлық көмір өндірісінің 39 пайызын құрайды. Қазір кеншілер 200 метр тереңдіктен көмір өндіріп жатыр,

келешекте 400 метрге дейін тереңдетілмек.

Осынша көлемдегі өндірісті, тау-кен массасын тасымалдау оңай емес. Сондықтан кенішке жаңа технологиялар керегі айтпаса да белгілі. Алдымен жер астынан алынған көмір автоматтандырылған конвейерлік желіге түседі екен.

«Бұл желіде жұмыс істейтін адам саны әлдеқайда аз, сондықтан конвейер қауіпсіз әрі өнімдірек қызмет етеді», — дейді «Богатырь Көмір» ЖШС бас директоры Евгений Мастернак.

Ашық кеніш тереңдей берген сайын тау жыныстары, теміржол мен автомобиль көлігі өтетін аумақ тарыла береді. Ал кон-

вейер осы тасымалды оңтайлы етіп отығанын айта кеткен жөн. Қанша жерден технологиялар дамыды десек те, тау-кен өндірісінде адам еңбегін толықтай алып тастау әзірге мүмкін емес. Сондықтан кеніш басшылығы технологияларды екі бағытта дамытуды жөн деп шешіпті. Біріншісі, өндірістік процестерді автоматтандыру болса, екіншісі, қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Мысалы, самосвал жүргізушісі әлі де рөлде отыр делік, ақылды жүйелер оның жай-күйін толық бақылап отырады. Алдымен жүргізушінің шаршау белгілерін анықтайды. Бірнеше тонна салмақты көліктің айналасындағы жағдайды көріп, қатер төнген кезде ескерту береді.

Елдің еңбек нарығында «Богатырь» көмір кенішінің рөлі орасан. Бүгінде мұнда 6500 адам жұмыс істейді: шамамен 1800 қызметкер тікелей разрезде еңбек етсе, 2000-ға жуық адам технологиялық теміржол көлігінің жұмысын қамтамасыз етеді. Дегенмен автоматтандыру қауіпті аймақтарда жұмыс істейтін азаматтардың санын айтарлықтай қысқартыпты. «Богатырь Көмір» ЖШС бас директоры Евгений Мастернактың сөзінше, еңбек күші азайғанымен, цифрлы жүйелерді басқарып, жаңа технологиялардың тілін білетін мамандарға сұраныс арта бермек. Яғни жаңа технологиялар азаматтарды жұмысынан айырады деп шешім айту негізсіз.



Шахтадағы жұмыс қалай алғанда да ауыр болатыны даусыз. Физикалық тұрғыда кеншілерге түсетін салмақ бар. Кәсіпорын жаңа технологиялар арқылы бұл жүктемені біршама азайтыпты. Соның арқасында қазір кәсіпорын ұжымының 30 пайызын әйелдер құрап отыр. Олар көбіне кеңсе және әкімшілік қызметтерімен айналысады, сонымен қатар өндірістің өзінде геолог немесе технолог болып табысты еңбек етіп жүргендері бар.

Роботтар мен автоматтандырылған жүйелерге қарамастан, тау-кен өндірісі әлі де қауіп деңгейі жоғары сала болып қала береді. Кәсіпорынның әзірге қайғылы жағдайлардың алдын алуды толық қамтамасыз ете алмай отырғанын басшылық та растайды. Компания басшылығы әрбір оқиғаны егжей-тегжейлі талдайтын атап өтті, өйткені әдетте жарақат алуға бір емес, бірнеше себеп ықпал етеді екен.

«Біздің басты мақсатымыз — адамдардың қауіпсіздігі және әрбір қызметкердің үйіне аман-есен, дені сау күйінде барға-

ны», — деп нақтылады кәсіпорын басшылығы.

Заманауи көмір өндірісі бұрынғыдай біліктілікке емес, қол күшіне сенгенді кешірмейді. Күрек пен қайла ұстаған кенші бейнесі біртіндеп өткеннің еншісінде қалып барады. Бүгінгі разрез қызметкері — күрделі техниканы басқара алатын оператор, бақылаушы һәм диспетчер ретінде суреттелсе жарасады. Оның мысалы жетерлік, кеніште жабдықталған технологияларды көрсеніз көз тояды. ЭКГ-15 экскаваторы мен жүк көтергіші 180 тоннаны арта алатын Hitachi аударғышын тамашалаудың өзі ерекше. Адамзат өнертабысының жемісі — осы.

«Богатырь» кенішіндегі жаңғырту жұмыстарына қарап, адам еңбегі әр кез бағалана беретінін түсіндік. Алайда Қазақстанның көмір өнеркәсібі қарқынды түрде ілгері басып келеді, сондықтан өмірін шахтамен байланыстырған мамандарға жаңа технологияның тілін білу маңызды бола бермек.

АҚТӨБЕ АСТЫҒЫНЫҢ ТҮСІМІ МОЛ

Елімізде егін жинау науқаны аяқталуға жақын. Дикандар жаз бойы табанақы, маңдай терімен өсірген түйір дәнді шашпай-төкпей жинап алып жатыр.



Елпін Қ.А.А. (сол жақ)

Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ

Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше, биыл еліміздегі жалпы егіс алқабы 24,2 миллион гектарды құрады. Оның 15,6 млн гектарына дәнді дақылдар, 5,2 млн гектарына майлы дақылдар, 3 млн гектарына малазықтық дақылдар егілген. Мақта алқабы биыл 173,6 мың гектар болса, қант қызылшасы жалпы аумағы 23,8 мың гектарға егілген. Бүгінде дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар егілген алқаптардың 81,5%-ы жиналып, орташа өнімділік гектарына 14,6 центнерді құрап, 18,6 млн тонна астық бастырылған.

Ауыл шаруашылығы министрлігі өңірлердің әкімдіктерімен бірлесіп, астық жинау, қабылдау және сақтау қарқынын, оның сыныптылығын, сондай-ақ шаруашылықтардың қажетті ресурстармен қамтамасыз етілуін тұрақты бақылауға алған. Сала мамандарының айтуынша, биыл ауа райы шаруа үшін қолайлы болып тұр. Бұл жағдай техниканың өнімділігін арттырып, астықты уақытылы жинап алуға оң әсерін тигізіп отыр. Сонымен қатар биыл дәнді дақылдардың өнімділігі өткен жылмен салыстырғанда жоғары. Сондай-ақ дәнді және майлы дақыл алқаптарының 99%-дан астамында сапасы жақсы және қанағаттанарлық өнім жиналды деп бағаланып отыр.

Ақтөбе облысында дикандар ауа райының әрбір қолайлы сәтін тиімді пайдаланып, жүздеген мың гектар алқапта жайқалған өнімді ысырапсыз жинап, уақытылы қамбаға жеткізу үшін жұмыс істеп жатыр. Биыл өңірде жалпы аумағы 435 мың гектар алқаптағы дәнді дақылдарды жинау жоспарланған. Бұдан бөлек, 84 мың гектарға егілген майлы дақылдар және 6 мың гектарға егілген картоп және көкөніс-бақша дақылдарын қамбаға түгел жеткізу көзделіп отыр. Ресми ақпарат бойынша, қазірдің өзінде өнімнің 90 пайызы жиналып, 530 мың тонна астық бастырылды. Орташа өнімділік гектарынан 14 центрге жақындайды.



Ауыл шаруашылығы министрлігі биылғы орақ науқанын тұрақты бақылауға алған. Жағдайды жедел бағалау үшін арнайы жұмыс тобы құрылып, өңірлерде тікелей көшпелі тексерулер жүргізуде. Сонымен қатар күзгі егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін өңірлерге 401,1 мың тонна дизель отыны бөлінді.

Былтыр гектарына 11,5 центнерден өнім түскен. Облыс бойынша биыл астық бітік шығып, дикандар 2025 жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда, 70 мың тоннадан артық астық жинаған. Бұл көрсеткіш егін орағының аяқталуға жақын екенін аңғартады. Дегенмен алда әлі де жиналуға тиіс алқаптар бар.

Ақтөбе өңірінің басшылығы бітік шыққан астықты ысырапсыз жинап, оны қамбаларға уақытылы жеткізуге, сақтайтын орындардың дайындығын қамтамасыз етуге ерекше назар аударып отыр. Өңірдегі астық қабылдайтын кәсіпорындар мен шаруашылықтардың қоймалары жаңа өнімді қабылдауға дайын. Бұл егін жинау науқанын ірікілсіз аяқтап, астықты төкпей-шашпай, ысырапсыз сақтауға және дикандарды келесі өндірістік циклге уақытылы дайындауға мүмкіндік береді. Аймақ бойынша жиналған астықты уақытында

қабылдап, сақтауға мүмкіндік беретін инфрақұрылымның жалпы сыйымдылығы 685 мың тоннаны құрайды. Бүгінде элеваторларда 120 мың тонна астық сақтаулы. Яғни қолданыстағы сақтау орындарының жалпы сыйымдылығының шамамен 29,8 пайызы ғана жүктелген. Сонымен бірге жаңа егіннен әзірге 90 мың тонна астық қабылданған. Астықтың далада қалмай, уақытылы қамбаға жеткізілуі де күзгі науқанның маңызды бөлігі саналады. Осыған байланысты шаруашылықтарда тасымал мен қабылдау жұмыстары қатар ұйымдастырылып жатыр. Егін орағының ойдағыдай өтуі тек ауа райына ғана емес, материалдық-техникалық базаға да байланысты.

Ауыл шаруашылығы министрлігі биылғы орақ науқанын тұрақты бақылауға алған. Жағдайды жедел бағалау үшін арнайы жұмыс тобы құрылып, өңірлерде тікелей көшпелі тексерулер жүргізуде. Сонымен қатар күзгі егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін өңірлерге 401,1 мың тонна дизель отыны бөлінді.

Ақтөбе облысында шаруаларды жанар-жағармаймен қамтамасыз ету мәселесі де тиімді шешімін тауып, биыл өңірдің егін жинау жұмыстарына 8 мың тонна дизель отыны бөлінді. Жеңілдетілген бағамен берілетін жанар-жағармайдың бір литрі 278 теңгеден белгіленіп, нарықтағы бағадан шамамен 15 пайыз арзанға тұрақтаған. Аймақта егін жинау науқанына шамамен 1,5 мың трактор, 600-ге жуық комбайн, 800-ге тарта трактор тіркемесі және 500-ге жуық жүк көлігі жұмылдырылған.

Мемлекеттік қолдаудың нәтижесінде облыс әкімдігінің мәліметінше, «Кең дала-2» бағдарламасы аясында өңір фермерлеріне 5 пайыздық мөлшерлеменен 8 млрд теңге жеңілдетілген несие берілген. Бұған қоса өсімдік шаруашылығын субсидиялауға 2,1 млрд теңге бөлінген. Бұл қаражат шаруалардың өндірістік шығынын азайтып, техника, тұқым және басқа да қажетті ресурстарды тиімді қамтамасыз етуіне мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, биыл егін орағы облыс аудандарында жоспарға сәйкес жүріп жатыр. Мәселен, Қарғалы ауданында биыл 109 мың гектар дәнді дақылды жинау жоспарланған. Қазірдің өзінде оның 13,2 мың гектары орылып үлгерді. Ал «Қуаныш» шаруа қожалығының басшысы Төрехан Сарин мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған қолдаудың шаруаларға үлкен көмек екенін айтады.

— Мемлекет тарапынан шаруаларға қолдау көп. Биыл жеңілдетілген шартпен техника алып, «Кең дала» бағдарламасын пайдаланып, субсидия арқылы тұқым сатып алдық. Осындай жан-жақты қолдау көрсетіп отырған азаматтарға алғысымыз шексіз, — дейді ол.

Оның айтуынша, ауыл шаруашылығында техниканы жаңарту мен өндіріс шығынын азайту — өнім көлемін арттырудың маңызды тетіктерінің бірі саналады. Әсіресе егін орағы сияқты қысқа мерзімге созылатын науқан кезінде техниканың заманауи әрі ақаусыз болуы шаруаның уақытын үнемдейді. Дикандар мен шаруаға жасалған мұндай қамқорлық еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жасалған нақты қадам деп айтсақ болады. Сонымен қатар азық-түлік қауіпсіздігі елдің аграрлық саясатының негізгі бағыттарының бірі саналады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында ауыл шаруашылығын дамыту, ішкі нарықты отандық өніммен қамтамасыз ету және азық-түлік қауіпсіздігін нығайтудың маңызын атап өткен болатын. Осы тұрғыдан алғанда, Ақтөбедегі егін жинау науқанының нәтижесі өңір экономикасы үшін ғана емес, тұтас азық-түлік тұрақтылығы үшін де маңызды. Қазір даладағы әрбір күн мен әрбір сағаттың сұрауы мен өз бағасы бар. Сондықтан шаруаларға алдағы кезеңде де техниканы тиімді пайдаланып, қалған алқаптағы өнімді қысқа мерзімде жинап алу үшін әлі жеткілікті қолдау қажет.

САХНАДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ

Алматыда Мемлекеттік академиялық би театры мерейтойлық 60-маусымын ашты. Жарты ғасырдан астам уақыт бойы ұлттық хореография өнерінің қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосқан театр үшін жаңа маусымның мәні айрықша. Себебі биыл ұжымға оның негізін қалаған көрнекті хореограф, Қазақ КСР халық әртісі Болат Аюхановтың есімі берілді.



Айтулы оқиғаға орай Болат Аюханов атындағы Мемлекеттік академиялық би театрының директоры Жәнібек Өтегенов хореография шеберінің шығармашылық мұрасын кейінгі буынға жеткізу, театрдың мерейтойлық маусымдағы қойылымдары мен премьералары, сондай-ақ алдағы шығармашылық жоспарлары туралы пікірін бөлісті.

— Алдағы жұмысымыздың басты бағыттарының бірі — Болат Аюхановтың хореографиялық туындыларын сақтау және қайта жаңғырту. Қазіргі уақытта театр репертуарында шебердің тандаулы қойылымдары сақталған. Біз оның әр кезеңде дүниеге келген қойылымдарының авторлық қолтаңбасын, өзі қалыптастырған мектептің ерекшелігін жоғалтпай, кезең-кезеңімен сахнаға шығарғымыз келеді, — деді театр басшысы.

Бұдан бөлек, театрда алпыс жылға жуық уақытта жинақталған архив қорын жүйелеу және цифрландыру жұмысы қолға алынбақ. Фотосуреттер, афишалар, бағдарламалар, бейнежазбалар мен әртістердің естеліктері болашақта мамандарға ғана емес, жас көрерменге де қолжетімді болады.

Жүздесу барысында театр басшысы ұжымның ендігі даму жолын Болат Аюхановтың классикалық және авторлық мұрасын сақтау, заманауи хореографияны дамыту, жаңа қазақстандық балет туындыларын сахнаға әкелу сынды негізгі бағыттармен байланыстырды.

— Біз қазірдің өзінде осы бағытта жұмыс істеп келеміз. Репертуарымыз жаңа туындылармен толықты. Олардың қатарында «Без слов» заманауи спектаклі мен «Арайлы қала» балеті бар. Алдағы уақытта да жаңа қойылымдар әзірлеп, хореографтар, композиторлар, суретшілер мен өзге де шығармашылық сала өкілдерін бірлескен жобаларға тарту ойымызда бар, — деді Жәнібек Өтегенов.

Бүгінде өнер ордасында Болат Аюхановтың репертуары мен көркемдік қағидаларын менгерген білікті мамандар қызмет етеді. Театр басшысының сөзінше, мұнда ұжым ардагерлерімен тығыз байланыс сақталған. Мерейтойлық іс-шара «Мұра. Аюханов. Нәследие» атты концерттік бағдарламамен ұласты. Кеште театрдың алпыс жылдық шежіресін бейнелейтін әр жылдардағы қойылымдар мен хореографиялық миниатюралар ұсынылды.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

